

**«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ-2025» АКЦИЯСЫНА ОРАЙ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ІС-ШАРАНЫҢ СЦЕНАРИЙІ**

Жүргізуші:

– Құрметті қонақтар, ата-аналар, оқушылар! Қош келдіңіздер! Бүгін – үлкен жүректер мен игі істердің күні. «Мектепке жол» акциясы – балаларға қуаныш сыйлайтын, жаңа оқу жылына дем беретін ізгі дәстүріміз.

– Иә, бұл – тек қана қолдау емес, бұл – болашаққа жасалған инвестиция, үлкен үміттің бастамасы. Бүгін біз білімнің алтын есігін бірге ашамыз!

– Қош келдіңіздер, достар! Игі шарамыздың алғашқы сөзін мектебіміздің директоры **Қайырлы Қалибекұлына** береміз!

(Мектеп директорының сөзі)

Музыка баяулайды.

– Келесі сөз кезегі «Сарайшық» ауданы әкімінің орынбасары, Құдайберген Шұғыла Серікханқызына беріледі.

(Әкім орынбасарының сөзі)

– Ендігі кезекте, бүгінгі игі іске атсалысқан демеушілерімізге сөз кезегін береміз

«GWM Nurly Zhol» ЖШС маркетинг менеджері, Асетов Шахназар Армияұлы

«Changan Nurly Zhol» ЖШС кеңсе менеджері Байзак Назерке сіздерді құрметпен ортаға шақырамыз.

(Демеушілер қысқаша құттықтау айтады.)

«Мектепке жол-2025» республикалық акциясы аясында оқушыларға мектеп сөмкелерін тапсыру рәсімі

Жүргізуші: Шынымен де қайырымдылық — бұл жүрек үнін тыңдай білу, өзгеге шын пейілмен қол ұшын соза білу емес пе?! Ал біздің мектебімізде әртүрлі тағдыры бар балалар білім алуды. Біз өз тарапымыздан мүмкіндігінше осы балалардың болашағының жарқын болуын, көңіл – күйлерінің көтеріңкі болуына аз да болса көмек бергіміз келеді. Осы ретте

біздің балаларға тамаша көңіл күй сыйлаған демеушілерге **Қуаныш Аймерейдің анасы Құралай ханым өз лебізін білдіргісі келеді.**

(Ата – ананың сөзі)

Жүргізуші:

– Құрметті асыл жандар сіздердің құрметтеріңізге шырқылатын музыкалық сәлемді қабыл алыңыздар! **«Жақсы адамдарым» орындайтын мектебіміздің жарық жұлдызы Төлеукадыр Ануар.**

Жүргізуші:

– Құрметті қонақтар, бүгінгі акция жүректерді жылытқан, балаларға қуаныш сыйлаған күн болды. Сіздердің кең жүректеріңізден шыққан жомарттық көптеген балаларға қуаныш сыйлап, олардың болашағына сенім ұялатты. Осындай игі істеріңізбен барша қауымның алғысына бөлене беріңіздер.

Сіздерге шексіз алғысымызды білдіре отырып, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға табыс, өміріңізге молшылық пен береке тілейміз!

Жақсы күндерде кездескенше қош сау болыңыздар!

Естелік суретке түсу.